

«6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Кырбасова Эльзира Артыкбаевнаның «Болашақ биологтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану («Дәрілік өсімдіктер және олардың қоры») элективті пән тәжірибесінде» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Кырбасова Эльзира Артыкбаевна 2006-2016 жылдары аралығында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің биология кафедрасында оқытушылық қызмет атқарды. 2010-2012 жж. университеттегі білім беруді модернизациялау жобасы, соның ішінде болашақ биологтардың құзыреттілігін құрастыруда атсалысқан. Астана қаласында 2014 жылы педагогикалық шеберлік орталығында «Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірленген ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы негізінде дайындалған педагог кадрларды даярлайтын ЖОО ПОҚ қатарынан тренерлерді оқыту бағдарламасы» курсына қатысып, биология мамандығының 4-курс студенттеріне «Мұғалімнің кәсіби бағдары» пәнін жүргізген. Осыған байланысты, Кырбасова Эльзира докторантураға жақсы дайындықпен келген деп есептеймін.

Докторанттың зерттеу жұмысының тақырыбы қазіргі таңдағы өзекті – құзыреттілікке бағытталған білім беру мәселелеріне арналған. Жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру оқу үдерісінің барлық кезеңінде іске асырылады. Оны іске асыру әдіс-тәсілдері де, жолдары да өте көп. Соның ішінде, ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану өзекті болып табылады. Себебі, АКТ адам өмірінің барлық аспектілерінде қолданылады және қазіргі білім алушылар оған өте бейім келеді.

Диссертациялық жұмысын даярлау барысында Кырбасова Эльзира биологиялық және педагогикалық ғылыми, ғылыми-әдістемелік және ресми құжаттармен жоғары деңгейде ізденіс жұмыстарын жүргізіп, оларды өте сауатты талдап саралай білді. Докторант өзін еңбекқор, қалыптасқан зерттеуші ретінде көрсете білді және кеңесшінің ұсыныстарына үнемі ықыласпен қарады.

Осыған байланысты зерттеу жұмысының мақсаты – АКТ көмегімен болашақ биологтардың кәсіби құзыреттілігін қалптастыруда (*Aegopodium L.* туысына жататын дәрілік өсімдіктерді зерттеу материалдары мысалында) теориялық тұрғыдан зерттеп негіздеу, педагогикалық әдістемесін жасау және оның тиімділігін эксперимент жүзінде дәлелдеу болып табылады.

Aegopodium L. (бежір) туысында өсімдіктің 7 түрі бар, соның ішінде біздің елімізде екі түрі: *Aegopodium podagraria L.* және *Aegopodium alpestre Ledeb.* кездеседі. Бежір қабынуға қарсы және ауруды басатын әсері болуына байланысты халық медицинасында ревматизм, артрит, артроз ауруларын емдеуге қолданылады. Сонымен қатар, подагра ауруына қарсы ертеден

қолданылып келеді. Бежір препараттары пулиндік алмасуға жағымды әсер етеді және диатезді емдеуде қолданады. Бұл екі өсімдікті зерттеу туралы мәліметтер өте аз.

Докторант аталған екі өсімдіктің анатомиялық-морфологиялық, молекулалық-биологиялық, фитохимиялық ерекшеліктерін және алғаш рет Миссисипи алқабы мемлекеттік университетінде (АҚШ) *Aegopodium alpestre* Ledeb. өсімдігінің RuBisCO гені бөлініп алынып, нуклеотидтер бірізділігін анықтады. Елімізде Іле Алатауы бөктерінде өсетін *Aegopodium* L. туысына жататын дәрілік өсімдіктердің құрамында кумарин, флаваноид, көмірсу, протеин, илік заттар, дәрумендер (пиридоксин, аскорбин, пантотен, никотин, фолий қышқылдары), 13 амин қышқылы және элементтерден Fe, Zn, K, P, Se кездесетіні белгілі болды. Осы зерттеу жұмыстарын жүргізуде Қырбасова Эльзира заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік меңгергенін көрсете білді.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері дер кезінде ғылыми, ғылыми-әдістемелік баспаларда, Scopus базасындағы журналдарда, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланды. Диссертациялық жұмыс бойынша «Дәрілік өсімдіктер және оның қоры» электрондық оқу құралы дайындалып, авторлық құқық алынды және «Биологиялық деректер базасымен және BLAST бағдарламасымен жұмыс істеу нұсқаулығы» баспадан шығарылды. Аталған жұмыстар болашақ биологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында оқу үдерісіне енгізілді.

Осы айтылғандарға байланысты Э.А. Қырбасованың 6D011300-Биология мамандығы бойынша жасалған «Болашақ биологтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану («Дәрілік өсімдіктер және олардың қоры» элективті пән тәжірибесінде)» диссертациялық жұмысы аяқталған және автор философия докторы PhD дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесшісі
б.ғ.д., профессор

Г.У. Дюскалиева

